

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

август Сейсенбі

жеке саны 20 тыын,
Шығуына 33 жыл

Атақты токарь үш жылдың нормасын орындады

ОДЕССА, 9 август. (СОТА). Кеше Одессадағы «Красная Гвардия» машина жасау заводы жөндеу цехының коллективі жылдамдатылған әдіспен жұмыс істеуші токарь Иван Будулакты үш жылдың тапсырмасын орындағандығымен құттықтады. Стахановшы еменаның аяқ кезінде 1955 жылдың есебіне біртоп өнім дайындап берді.

Коммунист Иван Будулак — заводта жылдамдатылған әдіс-

пен металл кесу ісінің инициаторы. Жуырда ол бөлшек өңдеу мерзімін екіжарым есе қысқартуға мүмкіншілік беретін 12-ші ұсыныс енгізді.

Кәзір заводта жылдамдатылған әдіспен жұмыс істейтіндер қатары 100-ден асады. Кәсіпорны үстеміздегі жылдың 7 айы ішінде қолда бар жабдықпен өткен жылғы осы мерзімдегіден 489 электр лебедкаларын артық шығарды.

И. В. Сталин жолдасқа жазған хаттағы міндеттемелерді аброймен орындайық!

Керлердің игілікті бастамасын жаппай қолдайық!

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КЕРЛЕРІНІҢ

колхозшыларына, колхозшы әйелдеріне, МТС, ашылығының мамандарына, дайындау қарының қызметкерлеріне

ДЕУІ

ұйымдастыруды және еңбекке ақы төлеуді ұйымдастыру жөніндегі қаулысын қатаң сақтай отырып, әрбір колхоз бен өгіс бригадасының мемлекетке астық тапсыру жөнінде тағайындалған тапсырманы орындап отыруына жетісеміз.

Біз әрбір колхозда тұрақты транспорт бригадаларын ұйымдастырдық, астықты тазартуда және көптіруде тәуліз бойы жұмыс істеу үшін колхозшылардың тұрақты құрамын бөледік, комбайннан алынған барлық астықтың жабық қырман-дар мен лапастарда бүлінбей сақталуын ұйымдастырдық. Сөйтіп, астықты жұмысқа және мемлекетке тапсыру ісін ауа райының қандай жағдайында болса да жүргіземіз, бұған қолда бар механизация күшінің барлығын пайдаланамыз.

Біз астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауға облыстың әрбір колхозы мен совхозының мүмкіншілігі жеткілікті деп санаймыз және Сіздерді, қымбатты жолдастар, біздің үлгімізге еруге, сөйтіп, астық дайындау жоспарын әрбір колхоз бен совхоз бойынша 10 сентябрьге орындауға, быйыңғы жылдың күздік өгіс егу, зяб жырту сыяқты ауыл

Алған міндеттемені аброймен орындаймыз

Колхозшылар егінің барлық көлемінен тұрақты және мол өнім алу жолында қажырлылықпен еңбек етті. Кәзір, барлық күш мүмкіншілікті егін жыйнау мен мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық тапсыруды қысқа мерзімде аяқтау күресіне жұмылдырамыз. Егін ору жұмысына 5 комбайн, 4 лобогрейка қосылды. Комбайндардың ешбір тоқтаусыз жұмыс істеуіне толық жағдай жасап отырмыз. Бастырылған астықты комбайннан кезінде алып, тасу үшін әрбір комбайнға 5 жәшікті арба бекітіліп, олар тоқтаусыз жұмыс істеуде.

Бұл жөнінде комбайншылардың қажырлы еңбек етіп жүргендіктерін атап айта кету қажет. Комбайншы коммунист Игнат Штундер жолдас өздігінен жүретін комбайнмен күнінде 23—25 гектар жердің егінін жыйнап жүр.

Бастырылған астықты дереу тазартып, дайындау пункттеріне үздіксіз жөнелтіп тұру үшін қырман-дарда арнаулы зренолар құрылды. Колхозда 7 жабық қырман бар, оларда астық тазарту жұмысы күні

Коммунистер авангардтық роль атқарады

Партия ұйымының август және сентябрь айларына арналған жұмыс жоспарында егінді ысырапқа ұшыратпай, қысқа мерзімде жыйнауға, мемлекетке астық тапсыруды мерзімінен бұрын орындауға ерекше назар аударылды.

Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте колхоз коммунистері авангардтық роль атқаруда. Олар егін даласында өздері қажырлы еңбек ету мен бірге, колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарды да кең өрістетуде.

Коммунистер мен комсомолецтер бригадаларға, комбайн агрегаттарына және басқа негізгі учас-токтерге бекітілді. Сол жерлердегі жұмыстың ұйымдастырылуы, үгіт-бұқаралық жұмыстың өрістетіле жүргізілуі де соларға жүктелді. Социалистік жарысты ұйымдастырушылар да солар. Мәселен, коммунист И. Новоселов және А. Бекк жолдастар № 3 өгіс бригадасына бекітілген. Олар осы бригададағы үгітшілер брига-та мүшелерінің еңбек ет-

бригадасы бар. Олардағы дала қостары мен вагоншалар жақсы жабдықталған. Бригадаларда 5 күнде бір рет жауынгерлік листоктар және қабырға газеттер шығарылады. Көрсеткіш тақталарын күнделікті жұмыс қорытындылары жазылып отырады. Бригадаларда көшпел кітапхана бар. Колхозшылар кітаптармен журнал, газеттермен кезінде қамтамасыз етіледі. Үгітшілер тобының құрамында 13 үгітші бар. Олардың көпшілігі комсомолецтер.

Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалу барысы 5 күнде бір рет қорытылады. Міндеттемелердің орындалуын тексеруді арнаулы комиссия жүргізеді. Жарыс қорытындылары жауынгерлік листоктарда, газеттерде жарияланып отырады.

Егін жыйнауға 6 комбайн және 3 лобогрейка жұмыс істеп жүр. Комбайншылар жұмыстың алғашқы күнінен бастап, социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындау жолында аянбай еңбек етіп,

хоздардың, дайындау, транспорт орындарының бастауыш партия ұйымдары Полудень ауданы ауыл шаруашылығы қы-

рындау жолындағы социалистік жарыстың барысын үзбей жазып тұру міндеттелсін.

Б. Чуклин,
Полудень ауданы, Киров атындағы
колхоздың председатели.

бастыруға
комбайншы
тракторшы

Полудень ауданы егіншілерінің патриоттық бастамасы

Газетіміздің бүгінгі санында Полудень ауданы егіншілерінің бүкіл облысымыздың колхозшыларына, колхозшы әйелдеріне, МТС, совхоз қызметкерлеріне, ауыл шаруашылығының мамандарына және дайындау, транспорт орындары қызметкерлеріне арнаған үндеуі жарияланып отыр. Аудан егіншілері өздерінің үндеуінде егін жыйнаууды тұжырымды мерзімде сапалы өткізуге, астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын мінсіз орындауға міндеттенген. Сонымен, олар мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа жаршы болып, игілікті бастама көтерді.

Аудан егіншілері өздерінің мүмкіншіліктерін есепке алып, озат техниканы және колхоздардың ішкі қорларын толық пайдалану есебінен астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын осы жылы 10 сентябрьге дейін орындамақ, колхоздарды күздік және жазғы дақылдар егісіне керекті тұқыммен толық қамтамасыз етіп, жем және сақтық қорларын дайындап алмақ.

Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының алдында тұрған бүгін таңдағы аса басты міндет—егін жыйнау мен астық дайындауды әрбір шаруашылықта осы Полудень ауданындағыдай ұйымдастыру болып саналады.

Астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін, ең алдымен, барлық комбайн паркін егін жыйнау жұмыстарына толық қосып, комбайндардың қуатының сарқа пайдаланылуын қамтамасыз ету керек. Ал, бұл комбайндардың техникалық жарамдылығына, егер олар бүліне қалса, бүлінген комбайндарға техникалық көмектің дерезінде көрсетілуіне байла-

нысты.

Көмеңгер көсеміміз Сталин жолдас 1933 жылдың өзінде-ақ, «Деревиядағы жұмыс туралы» деген сөзінде астық дайындау жоспарын орындау—колхоздардың бірінші парызы деген болатын. Сталин жолдасы бұл нұсқауы бүгін әрбір партия ұйымының, совет, ауылшаруашылық орындарының, колхоз, совхоз және МТС бастыларының негізгі іс программасы болуға тиіс. Өңгіме, комбайнмен жыйналып, бастырылған астықтың қырманда қолма-қол тазартылып, дайындау орындарына үздіксіз және атілді жөнінде болып отыр.

Қырман—егін жыйнау мен астық дайындау қарқынының үдемелі болуы, ең алдымен, қырманда жұмыс істейтін колхозшылардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Бұл жерде қырманда астық күні-түні бірдей тазартылып, астықты жұмыстау кәсіпесті механикаландырылсын, қырманда түнде астық бастыру және астық тазарту үшін ол алдын-ала жарықпен қамтамасыз етілсін деген сөз.

Полуденьдіктердің үндеуіне байланысты дайындау орындары қызметкерлерінің алдында жауапты міндеттер тұрғандығын атап көрсету қажет. Осыған сәйкес, дайындау пункттері астықты күндіз- түні бірдей қабылдауға, астық әселген машиналар мен керуендердің бөгеліп қалуына жол бермеуге, астық тасушылардың тұрмыстық қажетінің тыңғылықты өтелуін қарастыруға тиіс.

Дайындау орындарына астық тасуды күшейту арқылы, бірінші парызды мерзімінен бұрын орындау аса жауапты жұмыс. Мұнда әрбір сағат, әрбір күн қым-

бат. Сондықтан Петропавл, Явленка, Мамлют және Қарақоға астық дайындау пункттерінде колхоздардан келген астықты қабылдау жөніндегі алғашқы күндерде кездескен кемшіліктер үзілді-кесілді жойылатын болсын.

Полудень ауданы егіншілерінің мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа жаршы болуы игілікті іс. Бұл мемлекет алдындағы борышты ойдағыдай өтеуді көздеу мақсатынан туған іс. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, егіншілер арасындағы партиялық-саяси жұмысты бүгінгі күннің талабы дәрежесіне көтеруге тиіс. Өйткені, Сталин жолдас: шаруашылық майданындағы табыстар көбінесе партиялық-саяси жұмыстардың дәрежесіне байланысты болады деп үйретеді.

Мемлекетке астық тапсыру графигі—бұлжымас заң. Астық тапсыру графигін мүлтіксіз орындап отыру—әрбір колхоз бен совхоздың қасиетті борышы. Ал, бұл істе колхоздар мен совхоздарға тиісізше қызмет көрсету автомобиль транспортының, шоферлердің, дайындау пункттерінің, олардың қызметкерлерінің абройлы борышы.

Облыс егіншілері! Егін жыйнау мен астық дайындаудың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, мемлекет алдындағы бірінші парызды мінсіз өтейік, сөйтіп, Полудень ауданы егіншілерінің патриоттық бастамасына іспен жауап беретін болайық!

Егінді мерзімінде, бірінші пары

Жуырда алдыңғы қатарлы колхозшылардың, бастауыш партия ұйымдары секретарларының, колхоз және ауыл-село-лық Совет председателдерінің, МТС директорларының және олардың саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларының аудандық кеңесі болып, ол кеңесте біз астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын 10 сентябрьге орындауға міндеттеніп отырмыз.

Кеңес қабылдаған үндеу колхозшылардың, МТС, совхоз және дайындау орындары, қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының жыйналыстарында талқыданып, қолдау тапты. Киров атындағы колхоздың мүшелері үндеуді талқылау кезінде өздерінің мүмкіншіліктерін еске ала отырып, астық дайындау жоспарының 1 сентябрьге орындауды ұйғарды. Осы сыяқты бірінші парызды Чаназев атындағы колхоз 5 сентябрьге, ал Аманкелді атындағы колхоз 7 сентябрьге өтемек.

Егін жыйнау мен астық дайындаудың алғашқы күндері ауылшаруашылығы қызметкерлерінің алынған міндеттемені аброймен орындайтындығын сипаттап отыр. Мәселен, Киров атындағы колхозда (председатели Чуклин; партия ұйымының секретары Бурак жолдастар) астық дайындаудың күндік және бескүндік тапсырмалары үнемі артығымен орындалуда, өйткені, колхоз астық тапсыруға күн сайын қатысып жүр. «Пламя революции» колхозында (председатели Слещенко, партия ұйымының секретары Могильный жолдастар) комбайндарды қамту үздік жолға қойылған, қырманда еңбек дұрыс ұйымдастырылған, астықты тазар-

Полудень

ту механика
хозға бескүн
процент оры

Ленин орд
Ту орденді I
ты комбайн
алғашқы кү
үнемі артық
дас быйыл
нап, 10 мы
Сол сыяқты
тия комитет
жолдас Стал
нең» қос ке
50 гектар е

Мемлекетке
дай жүргізіл
залауға және
теген колхоз
ескере отыры
қарқынмен ұ
шаруашылық
ты тазарту
жұмысқа кол
трактор мол
ры және бас
да. Астық та
жағдайында
тыруға колх
мүмкіншілігі
дар жеткілік

Аудан еңб
сетілгендей,
транспорт б

Н

ың барысында
гы ақтай ал-
анда мұндай
бригада орыс-
й бола тұр-
нің басшыла-
і кемшіліктен
рined.

бойынша то-
ы орындалған
социалистік
ымен олардың
мей келген.
ымен, үгіт-
доржесі өте-
отыр. Студе
жрибе ауысу
ымен қатар,
ым көпшілігі
н.

қалада сал-
тіпке қойыл-
ажет, бірқатар
ары арақ, сы-
ек сатуды жөн
кірдің салда-
өп реттерде
лмай қалуына
алық сауда
бөлімшесінің
у бөлімінің
сусындардың
д. Суығын сақ-
лқындатылып

ысындағы ш-
і күнге дейін
тарапта са-
олып келеді.
айы ішінде
бойынша 64
ресторандар
қаржы талал-



Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» және Сталин атындағы колхоздар мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін жоспардан тыс тапсыру есебінен өздеріне жүк автомашиналарын сатып алды.

СУРЕТТЕ: (сол жақта) облыстық «Сельхозснаб» қоймасының меңгерушісі Алханов жолдас Сталин атындағы колхоздың өкіліне «ГАЗ—51» автомашинасының документтерін тапсырып тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қалалық пионерлер лагерінде

Биыл қалада тұңғыш рет қалалық пионерлер лагері ұйымдастырылған болатын. Лагерь Жас Гвардия атындағы балалар паркіне орналасқан. Қазір лагерьде екінші маусым аяқталуға жуық. Екінші маусымда барлығы 120 пионер оқушы көңілді және қызықты дем алуда. Балалардың әрқайсысы өздерінің сүйетін ісімен шұғылданады. Қыздар кесте тігеді, қолөнеріне үйренеді.

Пионерлер өздерінің вожатыйларымен Пестрое көліне экскурсияға барып, тербарий және коллекция үшін өсімдіктер жыйнады.

27 июль күні олар таңашілермен кездесті. Старовернев жолдас балаларға Соғыс -Теңіз Флоты туралы айтты, әді-

2 августа біздің пионерлер дружинасы темір жол станциясындағы депоға барып, поездарды жылдам алып жүруші комсомолецтер Демидовпен, Башинтоцкиймен, Лесковпен және басқаларымен кездесті. Олар пионерлерге темір жол транспортының маңызы, өздерінің табысқа қалай жеткендіктері, отын үнемдеу үшін қалай күресегіндіктері және теміржолшылар күнің қандай табыстармен қарсы алғандығын айтты. Балалар теміржолшыларды мерекемен құттықтап, түл бұдақтары мен «Бақытты балалық шақ», «Ленин—Сталин комсомолы» және «Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!» деген тақырыптарда өздері дайындаған альбомдарды сыйлыққа тартты.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 9 август. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованнесі бүгін былай деп хабарлады:

Корей Халық армиясының құрамалары қытайлық халықтық еріктілерінің бөлімдерімен тығыз байланыса қыймыл жасай отырып, майданның жеке участоктерінде жауға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды, сөйтіп, жауды шығынға ұшыратты.

Батыс майданның Юнгок ауданында жау авиация мен танктердің қуаттауымен күн бойына 14 рет біздің позицияларға қарсы атакалар жасады, бірақ, ұрыс даласында 200-ден артық өліктерін қалдырып, кейін шегінуге мәжбүр болды.

Бүгін Халық армиясының зенит артиллериясы және жау самолеттерін аңдып атқыштар отрядтары жаудың бес самолете-

тін зыяндап, үш самолетін атып түсірді. ПХЕНЬЯН, 10 август. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованнесі 10 августа мынаны хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының бөлімдері қытайлық халық еріктілерімен тығыз байланыса қыймыл жасай отырып, Чхольвонь ауданында қорғаныс ұрыстарын жүргізді.

Өткен түні америка агрессорлары 45 «В—29» самолеттерін пайдаланып, Пхеньянның бейбіт халық тұратын кварталдарын аюандықпен бомбалды. Бейбіт адамдардан көп өлгендер және жараланғандар бар.

Бүгін Халық армиясының зенит артиллериясы мен жау самолеттерін аңдып атқыштар жаудың 5 самолетін атып түсірді және 3 самолетін зыяндады.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының қалалары мен селоларын американдықтардың тағылықпен бомбалауы

ПХЕНЬЯН, 9 август. (СОТА). Бейбіт корей қалалары мен селоларын америка авиациясы әлі күнге тағылықпен бомбалауда және атқылауда. Пхеньян, Вонсан, Саривонь, Хамхын, Яндок және басқа қалалардың аудандары аюандық шабуылға ұшырауда. Күн сайын селолық аудандар, деревнядағы үйлер және далада жұмыс істеп жүрген шаруалар бомбаланады, атқыланады.

Корей Орталық Телеграф Агенттігінің және «Миньжу Чосон» газетінің хабарларынан көрініп отырғандай, тек Хамхын ауданы ғана 15 күн ішінде 20 рет әуе шабуылына ұшырады, оған 800-ден артық самолет қатысты. Қалаға және төңіректегі селоларға жүздеген бомба тасталды. Бір мың жарымнан артық бейбіт адамдар өлді және жараланды. Фугас және жандырығын бомбалармен 15 деревня өртелген.

лар және байу жарылатын бомбаларды көп қолданғандығы көңіл аударарлықтай. Жақында ғана деревнялар тұрған, оларда шаруалар өмір сүріп, жұмыс істеген жерлерде көзір көп аналар мен балалар өлген өрттің орны, фугас бомбаларының жарылғанынан пайда болған үлкен үңгірлер көрініп тұр.

Корей Орталық Телеграф Агенттігі америка әуе қаракшыларының аюандық шабуылдары америка жоғарғы соғыс командованнесінің бұйрығымен басталғандығын атап көрсетеді. Корей Халық-Демократиялық Республикасының халқы америка әуе-соғыс командованнесінің 78 солтүстік-корейлік қалаларды жойып жіберу туралы бұйрығын ерекше өшпенділікпен қарсы алды. Кореяда жаңадан аюанды әуе шабуылын бастау туралы қылмысты бұйрық беріп, америка командованнесі 11

тың ішінде артель коллективі жоспардан тыс мемлекетімізге 180 мың сомның жоғары сапалы өнімін берді. Міне, бұл —

дәтті орындау жолында артель коллективі қажырлылықпен еңбек етуде.
М. БАЙҚАНОВ.

Молотов дәрігерлік пунктіне басқа дәрігерлік қызметкер жіберуді мүлде ескермеді.

Қ. ЗАҒЫПАРОВ.
Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

жол тарифі өсе өсе қалалық темір жолме

УАҒЫТТАН ОЗҒАНДАР

...Июль айының екінші он күндігі. Завод директоры Михаил Михайлович Шульжицкийдің шағын келген бөлмесіне орта бойлы, ақ құба бір әйел енді. Директор оны жылы жүзбен қарсы алды. Ол завод директоры:

—Александра Никандровна, сөз сізге берілді,— дегеннен кейін ғана:

—Не сөйлейін, сізге жаңалық айтайын, қуантайын деп келдім,— деді.

Михаил Михайлович оның не айтайын деп тұрғанын алдын-ада сезген-ді. Солай бола тұрса да:

—Қандай жаңалық?— деп сұрады.

Александра Никандровна бір аз кідіріп кірді:

—Өзіңіз білмейсіз бе?— деді.

—Жоқ, нені?...

—Ендеше біздің цех алты айлық жоспарды белгіленген мерзімнен он күн бұрын 102 процент орындады.

Михаил Михайлович оны қуанышпен құттықтады.

—Ай аяғына дейін жоспардан тыс қапша шаршы дециметр хром бересіздер?

—6000 шаршы дециметр!

—Сөзсіз ғой?

—Я, сөзсіз!

Күн артынан күн өте Александра Никандровна басқаратын цехтың жұмысшылары завод директорына:

—Сертке жеттік. Алты айлық жоспар 130 процент орындалды. Жоспардан тыс 6000 шаршы дециметр орнына, 7000 шаршы дециметр хром берілді.— деп рапорт берді.

Былғарыны химикат заттарымен бояу цехы— заводтағы ең ірі, негізгі өнім беретін цехтардың бірі. Заводтың өндірістік жоспарды орындауы да осы цехқа байланысты. Хромның сапалы болуының бояуы, химикат заттарының дұрыс қосылуы шешеді.

Александра Никандровна Елагина— заводтың таңдаулы және көптегі цех бастығы. Ол Горький қаласындағы былғары өндірісі техникумын үздік бітіріп, лаборантқа болып істеді. Шығарылған былғарының сапасы жоғары болуына күш жұмсады. Техни-

кумда алған білімін өндірісте қолдана білді. Өзі жұмысшыларға қажырлы еңбегімен, іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетімен таныта білді. Жұмысшылардың мақтанышына, абройына бөленді. Сөйтіп, цех бастығына жоғарылатылды. Міне, содан бері жеті жыл өтті.

Бұл цех өткен жылы завод жұмысшыларының жарысында үздік шығып, жоспардан тыс жүздеген шаршы дециметр былғары берді, ал, өткен июль айының өндірістік тапсырмасын заводта бірінші болып артық орындап шықты.

—Біздің цехтың айдан-айға табысқа жетуінің сыры,— дейді Александра Никандровна,— цех жұмысшыларының ұйымшылдығы, қолжеткен жетістіктерге асқақтамаушылығы, ізденуі, озаттардан үйренуі. мамандарды өз орнына пайдалана білуі болды...

Бұл— өте-өте орынды айтылған сөз. Айталық, өткен жылы цехтың Зябликова жолдас басқарған екінші сменасы айлық емес, тіпті күндік тапсырманы орындай алмай жүрді. Шығарылған өнімнің сапасы нашар болды. Айлық жоспар басқа сменаларды есебінен ғана орындалуға айналды.

Мұның себебі неде? Александра Никандровнаны көп ойландырған осы мәселе болды. Ол смена бастығы Зябликовамен де, жұмысшылармен де әңгімелесті.

—Жоспар неге орындалмайды?

—Жоспар көп,— деп дәлелдеді смена бастығы.

—Жоқ, олай емес.

—Ендеше неде?

—Басшылықта.

Шынында да Зябликова жолдасын тарапынан күнделікті жұмысқа бақылау болмады, тапсырманы, сол сыяқты, міндеттеменің орындалуы бақыланып отырмады. Тіпті Зябликованың өзі уақытты толық пайдаланбады. Осыдан кейін Александра Никандровна завод басшыларымен келісе отырып, смена бастығына осы сменаның стахановшысы тәжірибелі жұмысшы Иван Волковты ұсынды. Бұл цехтың Мария Волкова басқаратын цехпен социалистік жарыс-

қа түсуін ұйымдастырды. Бірінші сменаның жұмыс үлгісі екінші сменаның игілігіне айналдырылды. Күнделікті жұмыстың қорытындысы екі сменада да жұмыстан кейін талқыға салынып отырылатын болды. Бұл сменалар үшін цех бойынша арнаулы қызыл ту белгіленді. Екі смена да бір-бірінен озып шығу үшін күресті. Осыдан бастап цехта жалпы өрлеу туды. Волковтың сменасы Волкованың сменасынан қалыспауға айналды. Егер Волкованың сменасы күндік тапсырманы 130, 150, 180 проценттен орындайтын болса, Волковтың сменасы: 120, 140, 150 проценттен орындайтын болды. Осындай ұйымдастыру жұмысының арқасында цех 1947-жылдан бастап заводта стахановшылар цехы аталды. Мұндағылардың 60 проценті күндік тапсырмаларды 130—140 проценттен асырып орындайды. Цехтың 15-тен астам стахановшысы көзір 1955—1957 жылдардың есебіне еңбек етіп жүр.

* * *

Завод жұмысшылары терінің жүнін сыпыратын, оны жуатын цехты «бірінші басқыш» немесе «табалдырық» деп атайды. Мұның да мәні бар. Өйткені, шикізат бірінші кезекте, осы цехта өңделеді. «Чай» астауында жуылады, жуу барабандарынан қайтадан өткізіледі, «Намос» машинасына салынады. «Паркос» машинасынан өтіп, химикат-бояу цехына жөнелтіледі.

Осы «бірінші басқыш» цехында 30-дан астам адам жұмыс істейді. Олардың ішінде мизер машинасының машинашысы Берген Айбалинов ерекше көзге түседі. Оның осы машинаны еркін меңгергеніне 20 жыл. Осы уақыттың ішінде ол өндіріске 15-тен астам рационализаторлық ұсыныс енгізді. Осы ұсыныстардың арқасында мизерлік машинаның қуаты біржарым есе артты. Қой, ешкі, сыйыр малдарының терісін өңдеу ісі екі есе тезегілі, «Строгаль» станогі минутына 2500 орнына 3000 айналым жасайтын болды.

Таңдаулы машинашы өндіріске жаңалықтар енгізумен бірге, қажырлы еңбектің де тамаша үлгісін көрсете білді. Ол 20 жыл ішінде 30 жылдық өндірістік норма орындады. Адал еңбек арқасында абройға бөленіп, ең жоғарғы награда— Ленин орденімен наградталды.

Заводта еліміздің жаңашылдары, Сталиндік Сыйлықтың лауреаттары Жандарованың және Агафонованың үлгісі бойынша жұмыс істеу жолындағы жарыс зор өрлеу туғызды. Бұған Владимир Зориннің бригадасы бірінші болып қосылды.

—Мінсіз сапалы өнім шығару үшін!— деген үнмен бригада мүшелері қызу жұмысқа кірісті. Олар өндіріс технологиясын жетілдірді. Әрбір теріні өңдеуге кететін уақытты қысқартты. Жұмыс орнында берік тәртіп орнатты. Сөйтіп, еңбек өнімділігін 30 процентке дейін арттырды, өнімнің өзіндік бағасын 15 процент арзандатты. Таңдау-да ССРО жеңіл өнеркәсіп Министрі стахановшы Владимир Зориннің бригадасына мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада деген атақ берді.

Заводта мұндай бригада көзір 10-ға жетеді. 120 жұмысшы сменалық тапсырманы 120—150 проценттен, ал, 20 стахановшы 150—250 проценттен орындайды. 15-ке жуық жұмысшы өндіріске жаңалық енгізу ісімен айналысып жүр.

Мұның барлығы заводта өндірістік жоспардың айдан-айға толық және асыра орындалуына мүмкіндік берді. Завод алты айлық жоспарды 110,9 процент орындады. Жоспардан тыс 795.000 сомның жоғары сапалы былғарысы шығарылды. Бұл табыс июль айында да баянды етілді.

—Қол жеткен табыс,— дейді завод директоры Шульжицкий жолдас,— бізді қанағаттандырмайды. Біз үшін бүгінгі күннің жұмысы ертеңгі күн үшін өлшеуіш емес. Завод директорының бұл сөзі жұмысшылардың:

—Елімізге былғарыны көп береміз!

—Еңбек өнімділігін арттырып, заводтымызды стахановтық заводқа айналдырамыз!

—Завод өнімді мінсіз сапалы шығарып, өндірістік жоспарды асыра орындаймыз!— деген пікірімен ұштасады.

Осы үнмен көзір завод жұмысшылары Жамбыл қаласының былғары заводы коллективінің социалистік жарысқа шақырып бұрыныдан да көтеріңкі міндеттемелер алып, жаңа аямай еңбек етуде.

Ж. ЖЫЛҚАЙДАРОВ.

СОҒЫС ӘЗІРЛІ

ПАРИЖ, 10 август. те —Диманш» газеті арнаулы тілшісінің хабарында Бельгия еңбекшілері мерзімін ұлғайтуға жаппай забастовкасын быспен өткені айтылғанына 50 шахтер мен 3 жұмысқа шықпаған.

Брюссельде, Шарлер қалаларда еңбекшілер, рациялары болды, олар еңбекшілер үшін тұрғы деген ұранмен өтті. Деметриосылар «Бейбітшілік» солдаттарды босатынды.

«УДАРНИК» ки

Бүгін және күн сай

«Б» ОПЕРА

Сеанстар сағат 6-8-і

Мемлекеттік қоры бойынша темір жолдар кәсіпкерлерінің қолхоздар кәсіпкерлерінің 40 проценті 1 декабрьден кешірек мерзімінде темір жол берілетін жерлердегі колхоз басқарушыларының тағайындалуына жол беріледі. Мемлекеттік басқармасы.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілім